



## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 95 Қаулысы.

### БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 8 ақпандағы

№ 95 қаулысымен

бекітілді

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

### 1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы: Мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешу үшін құқықтық инфрақұрылымды жаңғырту және қамтамасыз ету.

Пайымдауы: Тиімді құқықтық қорғаумен, сондай-ақ құқықтық мемлекеттің стандарттары мен қағидаттарына сәйкес мемлекеттік және заңгерлік қызметтермен қамтамасыз етілген дамыған азаматтық қоғам.

### 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аясындағы) даму үрдістерін талдау

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Әділет министрлігі) іске асырылуы елде жүргізіліп жатқан өзгерістерді тиісінше құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзара байланысты емес қызметтердің ауқымды спектрін орындайды.

Өткен жылдар Әділет министрлігі үшін алға қойылған барлық міндеттерді орындап, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген кезең болды.

Осы 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарда Әділет министрлігінің алдында алты негізгі бағыт айқындалды.

1. Заңнаманы жетілдіру, сапалы норма шығару қызметі.

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Қоғамдық қатынастарға нәтижелі және мақсатты құқықтық әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі құралы норма шығару қызметі болып табылады. Норма шығару қызметі – оның ұйымдастырылуында мұқият салыстырылған және теңдестірілген тәсілді талап ететін күрделі және көпжақты процесс. Осыған байланысты норма шығару қызметінің сапасын арттыру, соның ішінде заң шығаруды жетілдіру стратегиялық бағытпен айқындалды.

Заң шығару қызметі құқық шығармашылық қызметтің аса маңызды бөлігі, норма шығару процесінің жалпы жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Заң шығару саласындағы негізгі міндет әзірленетін заң жобаларының сапасы болып табылады, бұл олардың заңдық пысықталуына ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық, қаржылық маңызды мәселені шешудің пысықталуына, статистикалық деректерді зерделеуге, құқықтық қолдану практикасын талдауға, халықаралық оң тәжірибенің қолданылуына және т.б. байланысты болмақ.

Әділет министрлігі Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының үйлестірушісі ретінде, заң жобаларының сапасына ерекше назар аударады.

2010 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Әділет министрлігі

115 заң жобасына құқықтық сараптама жүргізді, оның ішінде 25-і келісілді (2008 жылы 150 заң жобасына құқықтық сараптама жүргізілді, оның ішінде 74-і келісілді; 2009 жылы 133 заң жобасына құқықтық сараптама жүргізілді, оның ішінде 34-і келісілді). Бұл деректер мемлекеттік органдар әзірлейтін заң жобалары сапасының төменділігі мәселесінің өзектілігін растап отыр. Сапасының төменділігіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарында белгіленген мерзімдердің бұзылуына әкелген 8 жоспарлы заң жобасы анықталды.

Жыл сайын мемлекеттік құрылымдардың заң қызметінің заң жобалау жұмыстарына талдау жүргізіледі, қателіктер анықталып, ескертпелер енгізіледі. Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдар қабылдаған және/немесе әзірлеген заңнамалық актілерге құқықтық мониторинг өткізу бойынша міндетті осы мемлекеттік органдарға заңнамалық бекіту туралы мәселе пысықталды.

Осылайша, қолданыстағы заңнамаға "нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі" түсінігі алғаш рет енгізіліп отыр. Қазіргі таңда мониторинг тек қана заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қатысты жүзеге асырылуда.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттік органдардың осы мемлекеттік орган қабылдаған және/немесе әзірлеген

заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге тұрақты құқықтық мониторингті жүзеге асыру міндеті белгіленген.

Мемлекеттік органдардың заңға тәуелді актілерге құқықтық мониторинг бойынша қызметін үйлестіруді Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жылдың басынан бастап мониторингті жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамаға қайшы келетін, тиімсіз іске асырылатын немесе ескірген 278 актісін анықтады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті актілеріне өзгерістер енгізу үшін мемлекеттік органдар қаулы жобаларын әзірлеуде.

Мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге қатысты мониторингті жүзеге асыру міндеттерін белгілеумен көптеген жылдар бойы қалыптасқан заңдардағы құқық нормаларына сәйкессіздік жағдайлары жақсара бастайды.

Тиісті өзгерістер Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауындағы "Норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында көзделген.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен бірлесіп, Заң жобаларының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстарды байқаудан өткізу бойынша жұмыс жүргізілуде, оның шеңберінде нормативтік құқықтық актілердің реттегіш әсеріне, атап айтқанда кәсіпкерлік есептерді талдау әдістемесі көзделген. Атқарылатын жұмыстың мақсаты нормативтік құқықтық актілер жобаларының сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарына және қоғамның, кәсіпкерліктің және биліктің мүддесін теңдестіріп есепке алуға мүмкіндік беретін оларды жариялы түрде талқылау рәсімдері негізінде заң шығарудың тиімді тетіктерін енгізу болып табылады.

Мүдделік қолдау қызметінің қағидаттарын, нысандарын, жүзеге асыру тәртібін, осындай қызмет субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін белгілеу мақсатында Әділет министрлігі Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 қарашада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумда берген тапсырмасына сәйкес "Мүдделік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі. Әзірлеуге тұжырымдамалық ұстанымдар 2009 жылдың 28 қыркүйегінде Құқықтық саясат жөніндегі кеңес отырысында мақұлданды.

Сондай-ақ, "Мүдделік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ілесіп табылатын "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүдделік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

2009 жылғы 30 желтоқсанда аталған заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізіліп,

қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жұмыс тобының аясында қарастырылуда.

2010 жылдан бастап, жыл сайын түрлі заңнамалық актілердің құқықтық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша заң жобалары әзірленетін болады.

Қорғаныс, қауіпсіздік және құқықтық тәртіп, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қолдану саласындағы мұндай заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді. 2011 жылы азаматтық, еңбек, неке-отбасы, қаржы, салық, кеден, әлеуметтік-мәдени құқық, тұрғын үй қатынастары саласында; 2012 жылы – мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, атқарушылық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқару және азаматтық-іс жүргізу саласында заң жобасын әзірлеу жоспарлануда.

Негізгі проблемаларды талдау.

Заң жобалау қызметіндегі негізгі проблема ретінде салалық мемлекеттік органдардың әзірлейтін заң жобаларының сапасы болып қалуда.

Жетіспеушілігі ретінде әзірлеуші мемлекеттік органдардың заң жобалау қызметінің болжау-талдау аспектісі болып қалуда.

Жүргізілген талдау, заң жобаларының тұжырымдамаларын және заңдардың жобаларын әзірлеу барысында тиісті саладағы қоғамдық қатынастарға терең талдау жүргізу қажеттілігі туралы мәселеге әзірлеушілердің назар аудармайтындығын анықтады.

Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу барысында қалыптасқан практика көрсеткендей, негізге алынған ережелерді жеткіліксіз түрде пысықтау соңында Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстары жоспарының сапалы және уақытында орындалуына әсер етуіне байланысты оны дайындау мәселесіне аса жауапкершілікпен және қалыппен келу қажет.

Осылайша, әзірлеуші мемлекеттік орган ұсынылатын мәселе бойынша жан-жақты болжамды-талдау жұмысын жүргізуі, оның нәтижесі бойынша белгілі бір қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеу қажеттілігі туралы шешім қабылдау қажет.

Заңнамалық актілердің құқықтық мониторингін енгізумен оны әр мемлекеттік органның өткізу міндеті ретінде осы мәселе өзінің шешімін табады деп пайымдаймыз. Осыған байланысты, мониторинг процесінде мемлекеттік органдар салалық заңнамадағы олқылықтар мен коллизияларды анықтап, оларды жою бойынша шаралар қолданатын болады.

Сонымен қатар, негізі проблемалардың бірі нормативтік құқықтық актілерді рәсімдеу тәртібін сақтаумен байланысты (заң сараптамасы). Осы ретте, заң техникасына қатысты ескертулерге барлық ескертулер санының үштен екісі келеді. Бұл

проблема, заң шығару бастамашылығының түрлі субъектілері (мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Парламенті) заң жобаларын ресімдеу бойынша заң техникасының түрлі қағидалары мен амалдарын қолдануына байланысты орын алуда.

Осыған байланысты, "Кейбір заңнамалық актілерге норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы шеңберінде заңнамалық тұрғыда нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу ережелері алғаш рет бекітілуде. Бұл тиісті ережелерді заң шығару бастамашылығының түрлі субъектілерінің біркелкі қолдану мәселелерін толық шешуге мүмкіндік береді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Қазіргі таңда, ережелері әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастарды барабар реттеуге, заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттарына бағытталған 2009 жылғы 24 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының 2010 – 2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша белсенді шаралар қолдануда.

Нормативтік құқықтық актілерге заңдық сараптама жүргізу бойынша жұмыс жалғасуда.

2010 жылдың 9 айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жобаларын заңдық сараптау нәтижесінде 1279 акт пысықтауға қайтарылды.

Сондай-ақ мемлекеттік органдардың заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің мониторингі бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне үйлестіру жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 1 жарты жылдығында мемлекеттік органдардың мониторингі жүзеге асыруы барысында заңнамаға қайшы келетін, тиімсіз іске асырылатын немесе ескірген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 278 қаулысы анықталды.

Осы мөлшерден заңнамаға қайшы келетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 66 актісі анықталды (28 нормативтік құқықтық акт – сәйкес келтірілді, 38 нормативтік құқықтық акт – сәйкес келтірілетін болады), тиімсіз іске асырылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 39 актісі анықталды (17 нормативтік құқықтық акт – сәйкес келтірілді, 22 нормативтік құқықтық акт – сәйкес келтірілетін болады), Қазақстан Республикасы Үкіметінің ескірген 173 актісі анықталды (46 нормативтік құқықтық актілер – сәйкес келтірілді, 127 – нормативтік құқықтық актілер сәйкес келтірілетін болады).

Талдау барысында анықталған нормативтік құқықтық актілердің жалпы санының 62% ескірген нормалар, қалған 24% заңға қайшы келеді, ал 14% тиімсіз іске асырылатын нормалар анықталды.

Бұл ретте, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізудің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында әділет органдары 2010 жылдан бастап тоқсан

сайын Қазақстан Республикасы министрлерінің және басқа да орталық мемлекеттік органдарының басшылары қабылдаған бұйрықтардың, орталық мемлекеттік органдар, Орталық сайлау комиссиясы қаулыларының, мәслихаттар шешімдерінің, сонымен қатар, өткен тоқсан бойынша әкімдіктердің қаулылары мен әкімдердің шешімдерінің (ұйымдастырушылық-кадрлық және қаржы-материалдық сипаттағы ішкі ведомстволық мәселелер бойынша актілерді қоспағанда) тізбесін зерделеуде.

Перспективада Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және/немесе олар әзірлеуші болып табылатын, өзінің өкілеттігіне сәйкес қабылдауға құқығы бар мемлекеттік органдар жүргізетін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мониторингі бойынша үйлестіру рөлі күшейтіледі.

Орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдарда олардың нормативтік құқықтық актілерді шығару, қолдану, мемлекеттік тіркеуді және жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау жөнінде тексерулер жүргізу арқылы ведомстволық және өңірлік норма шығаруға бақылауды жүзеге асыру бойынша жұмыс жалғасуда.

2009 жылы және 2010 жылдың 9 айында әділет органдары 2019 заңсыз қолданған нормативтік құқықтық акті анықтады. Әділет органдары анықтаған барлық актілер бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды.

Осылайша, алдағы кезеңде заңнама мен норма шығаруды жетілдірудің негізгі бағыттары:

Қазақстанның заңнамалық базасының тұрақтылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның сапасын көтеру, ескірген және қайталанатын нормаларды алып тастау, құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою және сілтеме нормаларды азайту, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау тәжірибесін кеңейту арқылы жүйелендіру;

мемлекеттік органдардың заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мониторингі бойынша қызметін үйлестіруді күшейту;

нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектор өкілдерін кеңінен тарту негізінде норма шығару процесінде кәсібилікті күшейту, осы саладағы алдыңғы қатарлы білімді пайдаланумен салалық ғылыми сараптамалар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама өткізу;

орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдар заңсыз шығаратын және қолданатын нормативтік құқықтық актілерді анықтау және олардың әрекетінің жолын кесу.

**2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 № 1257 Қаулысымен.**

3. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру.

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

"Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығымен Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің атқарушылық құжаттарды орындау, жекелеген негіздер бойынша

республикалық меншікке айналған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі функциялары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына берілді.

Осылайша, сот актілерін орындау бір мемлекеттік органда шоғырланатын болады, бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Сот актілерін орындау әділ сот төрелігін жүзеге асырудың соңғы және шешуші сатысы болып табылады және оларды тиімді орындау мемлекеттің құқықтық жүйесін нығайтудың маңызды шарты ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне, елдің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етуге оң әсер тигізетін күмәнсіз фактор, сондай-ақ адамдардың жалпы әділ сот төрелігіне және мемлекетке деген сенімінің кепілі болып табылады.

Негізгі проблемаларды талдау.

2010 жылы 1 трлн. 83 млрд. теңге сомаға 1,1 млн. астам атқарушылық құжат орындауда болды. Бір сот орындаушысына жылына орта есеппен 600 атқарушылық құжаттан келді. Бұл ретте атқарушылық құжаттардың саны жыл сайын өсіп келеді (2008 ж. – 798 мың, 2009 ж. – 995 мың).

2010 жылдың қорытындылары бойынша орындауда болған 1,1 млн. атқарушылық құжаттың талаптары 482 мың атқарушылық құжат бойынша немесе 43,8%-ға орындалды.

Осылайша, бүгінде Қазақстан Республиканың атынан шығарылатын сот шешімдерінің жартысынан көбі уақтылы орындалмайды, тиісінше сот бұзылды деп таныған құқықтарды, бостандықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау қамтамасыз етілмейді.

Сот орындаушылар өкілеттіктерінің бүгінгі көлемін, жеткіліксіз материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, жалақы деңгейінің төмендігін, кадрлардың тұрақтамауын ескере отырып, жақын болашақта бұл саладағы ахуалдың жақсы жағына қарай өзгеруі, яғни нақты орындалған актілердің санының ұлғаюы күтіліп отырған жоқ.

Осыған байланысты, атқарушылық іс жүргізу органдарының тиімді жүйесін құруға бағытталған қосымша жүйелік шаралар қабылдау орынды көрінеді.

Атап айтқанда, 2015 жылға дейін атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметін негізінен мынадай міндеттерді шешуге бағдарлау қажет.

Біріншіден, борышкерлерді сот шешімдерін өз еркімен орындауға итермелеуге мүмкіндік беретін жаңа тәсілдер мен әдістерді практикаға кезең-кезеңімен енгізу жалғастырылады.

Әр түрлі тіркеу органдары мен ұйымдарда, сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін ұйымдарда борышкерлерге қатысты стоп-карталар қою шаралардың бірі ретінде бола алады.

Қазірдің өзінде стоп-карталарды автоматты режимде шығару бірқатар шет елдерде (АҚШ, Израиль, Ұлыбритания және тағы басқалары) табысты жұмыс істеуде. Осы шараның мәні көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізу, халыққа қызмет көрсету орталықтарында құжаттарды ресімдеу, екінші деңгейдегі банктерде кредит алу және т.б. сияқты белгілі бір іс-қимылдарды жүзеге асыруға борышкерлердің мүмкіндігін шектейтін болады.

Мысалы, көлік құралдарының мемлекеттік техникалық байқауы сот шешімінің орындалуын растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін жүргізілуі тиіс. Мұндай тетік салық саласында 2010 жылдан бері табысты жұмыс істеуде ("Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағы).

Екіншіден, атқарушылық іс жүргізу органдарында ақпараттық жүйе енгізіледі.

Ақпараттық жүйені енгізу атқарушылық іс жүргізу жүйесін орындалатын іс-қимылдарды есепке алу мен бақылаудың автоматтандырылған құралдарымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитеті аумақтық бөлімшелерінің электронды құжат айналымын енгізуге мүмкіндік береді.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңның (бұдан әрі – Заң) 37-бабының 4-тармағына сәйкес сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде борышкерге атқарушылық құжатты ерікті орындау қажеттігі туралы ұсыныс жібереді немесе тапсырады.

Орта есеппен алғанда, сот орындаушысы бір атқарушылық іс жүргізу бойынша атқарушылық іс жүргізу тараптарының әрбіріне төрт рет жазбаша хабарлама жолдайды.

Атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу атқарушылық іс жүргізудің тараптарын ұялы байланыстың ақпараттық хабарламаларын жіберу жолымен хабардар ету мүмкіндігін көздеуге мүмкіндік берер еді, бұл өз кезегінде атқарушылық іс жүргізу органдарының пошта байланысы қызметтеріне жұмсалатын шығындарын едәуір қысқартады.

Атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған жүйесі атқарушылық іс жүргізу органдарының тіркеу органдарымен және ұйымдармен электрондық өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәселен, бүгінгі күні сот орындаушылары 14 әр түрлі тіркеу органдары мен ұйымдарға сұрау салуларын жолдайды. Пошта байланысы арқылы жауап алу мерзімдері көбінесе ұзаққа созылады, бұл сот актілерін уақтылы және сапалы орындауға кері әсерін тигізеді.

Тіркеу органдарымен және ұйымдармен электрондық өзара іс-қимыл жасау сот орындаушыларының қажетті мәліметтерді алу мерзімдерін бір күнге дейін қысқартуға мүмкіндік беретінін атап өту керек.

Үшіншіден, сот орындаушыларының мәртебесі және атқарушылық іс жүргізу органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету артатын болады.



Бүгінгі таңда сот орындаушылары өкілеттіктерінің көлемі мен олардың мәртебесі бірқатар ұстанымдар бойынша уақыт талабынан едәуір қалып келеді және практикалық қажеттіліктерге сай келмейді.

Атап айтқанда, сот орындаушылары банктік мекемелердегі жеке тұлғалардың шоттары туралы мәлімет алуға құқылы тұлғалардың тізбесіне қосылмаған, өз ғимараттары жоқ, көлікпен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ нысанды киім-кешекпен, жетонмен және эмблемамен толық көлемде қамтамасыз етілмеген.

Көрсетілген жағдай сот актілері сапасының төмен орындалуына ықпал етеді, осы себептердің салдарынан сот орындаушысы жұмысының тартымдылық деңгейі де төмендейді, кадрлардың жиі тұрақтамауы және білікті кадрлардың жеткіліксіздігі байқалады.

Осыған байланысты сот орындаушыларының мәртебесін арттыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде тиісті шара қыбылданылатын болады.

Сот актілерін орындаудың сапасы бірқатар факторларға, оның ішінде борышкердің мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді сот орындаушысының жедел алу мүмкіндігіне байланысты болады. Заңда сот актісінің орындалуын қамтамасыз етудің негізгі шараларының бірі ретінде борышкердің ақша қаражатына тыйым салуы көзделген. Алайда, банктік заңнамаға сәйкес сот орындаушысы жеке тұлғаларға қатысты шоттардың және ақша қаражатының бар болуы туралы банктерден мәлімет алу мүмкіндігінен айырылған. Осыған байланысты, заңнамаға тиісті түзетулер енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Атқарушылық құжаттардың сапалы орындалу шарттарының бірі сот орындаушыларының тиісінше материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізу органдарын сот жүйесінен бөліп шығарған кезде оларды орналастыру проблемасы туындады, өйткені олар бұрын орналасатын ғимараттар сот органдарының теңгерімінде тұр.

Бүгінгі күні атқарушылық іс жүргізу органдары 233 жылжымайтын мүлік объектісінде орналастырылған, олардың ішінде бір ғана объект өздерінің теңгерімінде тұр, қалған объектілер ақылы немесе өтеусіз негізде басқа заңды және жеке тұлғалардан жалға алынады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығына сәйкес 2011 жылы атқарушылық іс жүргізу органдарының ғимараттарын ұстау және коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жүзеге асыруда.

Алайда, 2012 жылдан бастап осы шығыстарды атқарушылық іс жүргізу органдары дербес жүзеге асырады. Осыған байланысты, атқарушылық іс жүргізу органдарының

меншікті ғимараттарды сатып алу мәселесін шешу бойынша кезең-кезеңімен шаралар қабылданатын болады.

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамада көзделген атқарушылық іс-қимылдар жасау үшін сот орындаушыларын борышкер не оның мүлкі орналасқан жерге бару жүзеге асырылатын көлік құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі де орын алады.

Осы проблема жеке ауылдық округтердің аудан орталығынан алшақтығы жүздеген километрді құрайтын аудандық аумақтық бөлімдерде өте өткір күйінде қалуда. Бұл ретте қоғамдық көліктердің қозғалысы мүлдем болмайды.

Осыған байланысты сот актілерінің нақты және жедел орындалуын қамтамасыз ету үшін сот орындаушыларын автокөлікпен қамтамасыз ету мәселесі пысықталып жатыр.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативінің 19-тармағына сәйкес, департаменттердің құрылған филиалдарының – сот орындаушыларының аудандық (қалалық) аумақтық бөлімдерінің санын ескере отырып, атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметтік (кезекші) автокөліктеріне мұқтаждығы 296 бірлікті құрайды.

Теңгерімде 35 бірліктің болуын ескере отырып, қосымша қажеттік 261 автокөлікті құрайды.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің имиджіне оң ықпал ететін және олардың мәртебесін анықтайтын факторлардың бірі нысанды киімнің және тиісті жеке айырым белгілерінің болуы.

Заңның 131-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік сот орындаушылары нысанды киіммен (погонсыз), жетонмен және эмблемамен қамтамасыз етіледі.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мақсатында Заңда мемлекеттік сот орындаушымен қатар жеке сот орындаушылары институтын енгізу көзделген.

Жеке сот орындаушысы мемлекеттік сот орындаушысына балама болып табылады, мемлекеттік сот орындаушыларға кәсіби бәсекелестік жасап, сот актілерінің мәжбүрлі орындалуының сапасы мен жеделдігін арттырады.

Мемлекеттік сот орындаушысының алдында жеке сот орындаушысының артықшылықтары тиімді жұмысқа материалдық мүдделілік және сыбайлас жемқорлық көрінісінің жоқтығы болып табылады.

Сондай-ақ жеке сот орындау институтын енгізу атқарушылық іс жүргізу органдарын қамтамасыз ету үшін бюджеттік шығыстардың қысқаруын болжайды, бұл бюджеттік қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді, оны мемлекеттік сот орындаушылары институтын қамтамасыз ету және қайта жабдықтауға бағыттауға болады.

Орындаудың мемлекеттік жүйесінен кадрлардың күрт кетуін болдырмау үшін жеке сот орындаушыларын жинақтау кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс. Заң қолданысының алғашқы жылдары республика бойынша атқарушылық іс жүргізудің шамамен 20 – 25% (шамамен жылына 200 – 250 мың құжат) жеке сот орындаушыларының орындауына өтеді деп болжануда, негізінен бұл заңды тұлғалар және кәсіпкерлер арасындағы даулар бойынша істер болады.

Кейіннен жеке сот орындаушыларындағы істер саны бірте-бірте республика бойынша жалпы санының 50% дейін өсуі күтіледі (шамамен 450 – 500 мың). Қалған атқарушылық құжаттар бойынша (шамамен 500 мың) орындаумен мемлекеттік сот орындаушылары айналысады. Бұл жағдайлардың 90%-ын өндіріп алу мемлекет пайдасына жүзеге асырылатын істер – айыппұлдар (57%), мемлекеттік баж (22%), үкімдер бойынша мемлекет пайдасына (5,5%), тәркілеу (3%), сондай-ақ мемлекеттен өндіріп алу және т.б. Қалған 10%-ы – негізінен отбасы-неке және алименттік қатынастармен байланысты.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.02 N 898 Қаулысымен.**

4. Сот-сараптамасы қызметін жетілдіру.

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Сот сараптамасының өндірісі қылмыстарды тергеу ісіндегі, оларды жасаған жауапты тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту және әшкерелеудің негізгі құралдарына жатады.

Осыған байланысты, Әділет министрлігі сот-сараптамасы қызметін жетілдіруді өзінің бұдан әрі дамуының ең басты бағыттарының бірі ретінде белгілейді.

Сот сараптамасының сапасын арттыру "Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығында да көзделген.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бүгінгі таңда, құқық қорғау органдары мен соттар тарапынан сот сараптамасына деген қажеттілік аса жоғары, оған, жыл сайынғы сараптама өндірісінің өсу динамикасы (6-7%) дәлел.

Сарапшылар санының жетіспеушілігі және осыған байланысты сарапшылар жүктемесінің жоғары болуы, сараптама өндірісінің іс жүргізу мерзімдері бұзылуының өсуіне әсер етті. Мәселен, 2009 жылы Сот сараптамасы орталығында 71766 сот сараптамасы, оның 201 сараптамасы іс жүргізу мерзімі бұзыла отырып орындалған. Сонымен қатар, 220 қайталама сараптама орындалған, оның 42 қайталама сараптамасы (қайталама сараптамалардың жалпы санының 19%) алдыңғы сараптамалардың тұжырымдарын растамады.

Бүгінгі таңда, Астана және Алматы қалаларындағы зертханалардан басқа, Орталықтың барлық зертханалары дерлік криминалистикалық зертханаларға арналған

үй-жайларды жарактандырудың халықаралық және отандық стандарттарына сәйкес келмейді.

Жеткіліксіз қаржыландыру, осы өңірлерде жүргізілетін сараптамалардың тізбесін ұлғайту үшін зертханалардың қазіргі үй-жайларын лайықтауға, зертханалар үшін жаңа құрал-жабдықтарды сатып алуға және орналастыруға мүмкіндік бермейді, сараптама өндірісінің жеделдігін және сапасын қамтамасыз ету үшін химиялық реактивтер мен шығын материалдарының тапшылығы жыл сайын сезілуде.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Бүгінгі күні мемлекеттің құқық қорғау жүйесіне қоятын жоғары талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Әділет министрлігі зерттеудің жаңа әдістемелерін әзірлеу және қолданыстағыларын өзгерту, халықаралық тәжірибеде негізделген қазіргі заманғы әдістемелер және сараптама өндірісінің рәсімдерін енгізу жолымен сараптамалық практиканың ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі нығайтылып, жетілдірілетін болады.

Ұсынылатын қызмет сапасына әсер ететін айтарлықтай маңызды фактор ретінде сот-сараптамалық қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларының кәсіби деңгейін арттыру болып табылады. Лайықты үй-жайлары бар зертханалардағы жұмыс, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізу кезінде қазіргі заманғы жоғарғы технологиялық құрал-жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану сапалы сот сараптамасын жүргізуге мүмкіндік береді.

5. Зияткерлік меншік саласында қызметті параметрлері.

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі өлшемдері.

Зияткерлік меншік құқықтарын тиісінше қорғау мәселелері экономикалық сипаттағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұны Дүниежүзілік сауда ұйымының талабы растап отыр. Оған сәйкес осы ұйымға кіруге ниет білдірген мемлекет өзінің ұлттық заңнамасын Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге (1994 жылғы 15 сәуірдегі) сәйкес келтіруге міндетті.

Бірыңғай экономикалық кеңістікті (бұдан әрі – БЭК) қалыптастыру шеңберінде негізгі құжаттардың бірі ретінде Зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың және сақтаудың бірыңғай қағидаттары туралы келісім болып табылады.

Зияткерлік меншік құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін мемлекеттер ескірген техника мен технологияларды алып келуге ұшырайтыны бәріне мәлім. Сондықтан, елдің экономикалық әл-ауқаты көбіне зияткерлік меншікті тиісінше қорғаумен байланысты.

Қазіргі уақытта, жалпы зияткерлік меншік саласындағы Қазақстанның заңнамасы қалыптасқан. Республика негізгі халықаралық келісімдер мен шарттардың қатысушысы болып табылады. 2003 – 2005 жылдары қабылданған, заңнаманы жетілдіру, құқықты түсіндіру жұмыстарын, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты, құқық қорғау

органдарымен өзара іс-қимылды жандандыруды және т.б. қамтитын іс-шаралар кешені 2006 жылы Қазақстанға 301 Бақылау тізімінен шығуға мүмкіндік берді.

Қазақстанда зияткерлік меншікті дамытуға қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында Стратегиялық жоспарда зияткерлік меншік құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етуге, пайдаланушылардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтауына, құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейтуге және осы саладағы елдің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар көзделген.

Негізгі проблемалардың талдау.

Зияткерлік меншік саласындағы проблемалардың бірі контрафактілік өнімдердің, оның ішінде Интернет желісінде таралуы болып табылады. Цифрлік технологиялардың екпінді дамуы "қарақшыларға" автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей көп шығынсыз туындылардың көшірмесін жасап, таратуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпкерлік субъектілерін ескертусіз тексеру жүргізу мүмкіндігінің болмауы оларға зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдалану фактісін жасыруға мүмкіндік берді.

2010 жылы жарияланған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингісіне сәйкес Қазақстанның "Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау" индикаторы бойынша көрсеткіші 78 орыннан 98 орынға төмендеді.

Осыған байланысты, зияткерлік меншік саласында құқықтық түсіндіру жұмысын күшейту қажет. Шығармашылық әлеуеттің дамуына және өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне және басқа да зияткерлік меншік объектілеріне жаңа идеяларды іске асыруға ықпал ететін, осы саладағы құқық бұзушылықты анықтау және жол бермеу бойынша құқық қорғау органдарымен бірлесіп іс-шараларды жүргізуді жандандыру қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Контрафактілік өнімдердің негізгі ағыны Қазақстанға көрші мемлекеттерден импортталатыны белгілі.

БЭЖ-тің қалыптасуы БЭЖ-ке қатысушы елдердің аумағында шығарылатын тауарлардың еркін өтуіне ықпал етеді. Бүгінгі күні Америка Құрама Штаттарының пікірі бойынша Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы зияткерлік меншік құқықтарын барабар қорғауды қамтамасыз етпейді.

Осыған байланысты Қазақстанның аумағына контрафактілік өнімдердің түсуін алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін қабылдау қажет.

6. Әділет органдары ұсынатын мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және білікті заң көмегіне қол жетімділікті қамтамасыз ету.

6.1. Әділет органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жақсарту мәселелері Әділет министрлігінің өзіне жүктелген функцияларды тиімді орындауға қол жеткізуге бағытталған қызметінде маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысымен бекітілген Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізіліміне сәйкес Әділет министрлігі 25-ке жуық мемлекеттік қызмет көрсетеді (халықты құжаттандыру және тіркеу, азаматтық хал актілерін, заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікті тіркеу және зияткерлік меншік құқығын қорғау саласында).

Көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасы бойынша да, әділет органдарына азаматтардың сенімін арттыру бойынша да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Мәселен, мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын және сапасын арттыруды және жеделдігін қамтамасыз ету мақсатында 2009 жылы электрондық қызмет форматтағы 10 қызмет пайдалануға енгізілді:

туу, неке қию, неке бұзу, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту, әкелікті анықтау, бала (қыз) асырап алу туралы қайталама куәліктер беруге өтініш беру – 6 қызмет;

туу (2007 жылғы 13 тамызынан бүгінгі күнге дейін тіркелген), неке қию, бұзу (2008 жылғы 1 маусымнан бүгінгі күнге дейінгі тіркелген), тегін, атын, әкесінің атын өзгерту (2008 жылғы 14 сәуірден бүгінгі күнге дейін тіркелген) туралы азаматтық хал актілерін тіркеу жөнінде мұрағат анықтамаларын беруге – 4 қызмет.

Әділет министрлігі 2010 жылы мынадай электронды қызмет түрлерін іске асыруды жоспарлауда:

неке қиюды тіркеуге өтінім беру;

үлгілік жарғы бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаны тіркеу;

заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын алуға өтінім беру;

заңды тұлға, филиал немесе өкілдікті тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін беруге өтінім беру;

тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы, заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің болуы, басқа заңды тұлғаларға қатысу, жеке тұлғаның заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтамалар беру.

Әділет органдары көрсететін қызметтердің сапасы мен жеделдігін арттыру мақсатында Әділет министрлігінің қызметін автоматтандыру, оның ішінде электронды форматтағы қызметтерді енгізу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Негізгі проблемаларды талдау.

Кез-келген орган қызметінің көрсеткіштерінің бірі тұрақты арттыруды талап ететін ұсынылатын қызметтер сапасы болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызметтердің сапасы жеткілікті дәрежеде ашық еместігін атап өту қажет.

"Unigson" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұтынушыларға өткізген сұрау нәтижелері бойынша халықтың 70 %-ы әділет органдары көрсететін қызметтердің сапасы мен қол жетімділігіне қанағаттанды.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Қызметтерді Интернет арқылы ұсыну тәртібін енгізудің айқын артықшылығы мемлекеттік аппаратпен байланыстың болмауы, мемлекеттік қызметті көрсету барысында қағаз құжаттарының болмауы және мерзімдерді қысқарту болып табылады.

Бұдан басқа, 2009 – 2010 жылдары кәсіпкерлікті қолдау, бірқатар әкімшілік кедергілерді қысқарту бойынша қабылданған шаралар Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" ("Бизнес жүргізу") рейтингіндегі "Кәсіпорындарды тіркеу" (38 позицияға) "Меншікті тіркеу" (1 позицияға) индикаторлары бойынша Қазақстан Республикасының позицияларын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

Алдағы уақытта Қазақстанның жоғарыда көрсетілген рейтингте, сондай-ақ Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингіндегі позицияларын жақсарту жоспарлануда.

**Ескерту. 6-1-тармағына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.18 N 820 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

6.2. Білікті заң көмегін алуға азаматтардың құқықтарының іске асуын қамтамасыз ету

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруымен қатар білікті заң көмегіне қол жеткізуді қамтамасыз етуде басым болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары мемлекет адвокаттардың рөлін күшейтуге бағытталған шаралар қабылдады, оның ұйымдастыру құрылымы заң жүзінде реформаланды, адвокаттың мәртебесі, оның тәуелсіздігінің кепілдіктері мен негізгі іс жүргізу өкілеттіктері белгіленді. Қазіргі уақытта адвокатура кепілді заң көмегін ұсыну саласында белгіленген дәрежеде мемлекет пен қоғамның сұраныстарына жауап беретін серпінді дамып келе жатқан институт ретінде қалыптасты.

Қазіргі таңда Қазақстанда 16 аумақтық адвокаттар алқасы жұмыс істейді. Адвокаттардың жалпы саны 4004 адамды құрайды, оның ішінде 2438 заң консультациялары, 495 – адвокаттар кеңсесінде және 1081 – заңды тұлға құрмай өз қызметін жеке жүзеге асыруда. Кадрлардың тұрақтамауын төмендетудің тұрақты үрдісі қалыптасты. Тұрақты негізде адвокаттық қызмет іске асырылмайтын ауылдық аудандарда халыққа заң қызметін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастыру мәселесі біртіндеп шешімін табуда. Мәселен, 2010 жылы ауылдық аудандар адвокаттық қызмет көрсетумен 100 % қамтамасыз етілді.

Негізгі проблемаларды талдау.

Қазіргі уақытта адвокатура оның дамуына кері әсер ететін бірқатар проблемалармен бетпе-бет келуде, олардың ішінде мыналарды бөліп шығаруға болады:

тағылымдамадан өтудің заңнамада белгіленген рәсімінің, аттестациялық комиссия қызметі ашықтығының болмауы және жасырын сыбайлас жемқорлық факторларының болмауы;

адвокаттар көрсететін заң көмегінің сапасына бақылаудың тиімді тетіктерінің болмауы;

қылмыстық процеске белсенді қатысушы ретінде адвокаттың іс жүргізу құқықтарын іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерінің жоқтығы;

сапасыз заң көмегі үшін адвокаттар жауапкершілігінің реттелген түрлері мен негіздерінің болмауы;

адвокаттардың қылмыстық процесті жүргізуші органдардан еңбекақы төлеуіне тәуелділігі.

Атап айтқанда, адвокаттық қызмет саласында проблемалардың шешім таппауы адвокаттық қызметке үміткерлерді дайындау мен іріктеу сапасына, білікті заң көмегін алуға азаматтың конституциялық құқығын іске асыруға, сондай-ақ адвокаттар жүзеге асыратын азаматтардың заңды құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қорғау сапасына және жалпы адвокаттардың беделіне кері әсер етеді.

Нотариат жүйесінде де өзіндік проблемалар орын алған.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасында жеке нотариустар санын квоталауды жою көзделген. Оны іске асыру нәтижесінде республиканың барлық аумағында нотариалдық қызмет көрсету қамтамасыз етілетін болады.

Сондай-ақ, Заң жобасымен нотариалдық қызметпен айналысу құқығына, атап айтқанда тағылымдадан өту және жас мөлшерін шектеу бойынша үміткерлерге қойылатын талаптар қатаңдатылады. Бұл жеке нотариустар қатарын білікті мамандармен толықтырады.

Сонымен қатар, аталған Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламенті мақұлдамауы және қойылған міндеттер іске асырылмауы мүмкін.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Қазіргі кезеңде, біліктілік заң көмегін беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру қажет. Осы қызметті дамытудың перспективалы бағыттары "Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығында көзделген. Тұжырымдамада адвокатураның құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлі белгіленген және адвокаттың қылмыстық процеске белсенді қатысушы ретінде іс жүргізу құқықтарын іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерін белгілеу, мемлекет



есебінен заң қызметін ұсыну жүйесін жетілдіру және адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуді әкімшілік ету, оны шоғырландыру және ашық ету, адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру институтын енгізу міндеттері қойылған.

Осыған байланысты, Әділет министрлігі заң көмегін көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдады, соның ішінде табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесі жақсартылды, қалалық және ауылдық жерлерде біркелкі емес адвокаттық қызметпен қамтамасыз ету проблемасы шешімін тапты.

Нотариалдық қызмет жүйесін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты, құқықтық инфрақұрылымның бір бөлігі ретінде азаматтық айналымдағы қатынастардың қосымша тұрақтылығы мен заңдық қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз ететін нотариаттың нормативтік-құқықтық ролін анықтау мақсатында нотариат туралы қолданыстағы заңнама жетілдірілетін болады. Ол мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жолымен нотариалдық қызмет сапасын көтеріп, қазақстандық нотариатты жаңа кәсіби деңгейге қояды.

Сонымен қатар, елдің бар аумағында нотариалды көмекке қол жетімділік қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе шеңберінде барлық нотариалдық іс-қимылдарды электрондық нотариалдық куәландыруға толық көшу жүзеге асырылады.

### 6.3. Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру

Реттелетін сала немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Мемлекеттің құқықтық мәдениетінің жағдайы оның құқықтық жүйесі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Құқықтық мәдениетті арттыру, халықтың құқықтық санасын дамыту тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекетті құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың басты өлшемдері болып табылады.

Негізгі проблемаларды талдау.

Бүгінгі таңда халықтың құқықтық мәдениетінің дәрежесі мен деңгейін анықтаудағы қиыншылық оның 100 пайыздық ықтималдығымен дәл белгілеу мүмкін емес дерлік. Өткізілетін әлеуметтік сауалдар және сауалнама жүргізудің нәтижелері қазіргі ахуалды толық көлемде көрсетпейді және көбінесе өз бөлігінде ақаулықтар орын алуда.

Осы ерекшелік халықтың құқықтық мәдениетін арттыруда кешенді және жүйелі амалының қажеттілігін негіздейді. Бұл барлық мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар күш-жігерінің нәтижесі ғана емес, жекелей алғанда әр адамның саналы таңдауы болуы қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Осыған байланысты, әділет органдарының орталық мемлекеттік органдардың құқықтық насихатты, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың халықты



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жоспарлы кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейтіндердің ішіндегі заң жобаларын әзірлеудің халықаралық тәжірибесін көздейтін заң жобаларының үлесі.	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	3	50	60	70	80
2. ЖБИ рейтингіндегі "Үкіметтің іс-қимылының заңдылығын даулауда құқықтық шеңберлер тиімділігі" индикаторы бойынша позицияны жақсарту	ДЭФ есебі	орын	75	85	80	70	75	74	73
3. ЖБИ рейтингінде "Азаматтық дауларды реттеудегі құқықтық шеңберлер тиімділігі" индикаторы бойынша позицияны жақсарту	ДЭФ есебі	орын	82	86	80	70	66	65	64
4. ЖБИ рейтингінде "Меншікке құқық" индикаторы бойынша позицияны жақсарту	ДЭФ есебі	орын	103	112	108	100	76	75	74
5. Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингінде "Келісімшарттарды орындау" индикаторы бойынша позицияны жақсарту	Дүниежүзілік Банк есебі	орын	36	36	35	26	27	26	25

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері және әдістері

1.1.1-міндет. НҚА жобаларының сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарына және қоғамның, кәсіпкерлік пен билік мүддесін теңгерімді ескеруге мүмкіндік беретін оларды жариялы талқылау рәсімдеріне негізделген заң шығарудың тиімді тетіктерін енгізу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 (есепті жыл)	2010 (ағымдағы жылдың жоспары)	Жоспарлы кезеңде				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жоспарлы кезеңде Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейтіндер ішінен үздік	Әділет министрлігінің	%	-	-	-	50	60		80

халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген заң жобаларының үлесі.	есептік деректері							70	
2. Азаматтық қоғамның үкіметтік емес ұйымдары және бірлестіктерімен талқылау жүргізілген заң жобаларының үлесі (жыл сайын әзірленетіндердің ішінен).	Әділет министрлігінің есептік деректері	%			10	20	30	40	50
3. Парламентке енгізілуге жататын Үкіметпен әзірленген заң жобаларына жүргізілген лингвистикалық сараптамалар үлесі.	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	-	-	-	100	100	100	100
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі				
					2011	2012	2013	2014	2015
1					2	3	4	5	6
1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 N 1800 (2013.01.01 қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.									
2. Мемлекеттік органдардың ғылыми-зерттеу институттарымен, қазақстандық және шетелдік ғылыми ұйымдармен, жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми зерттеулер өткізу.					X	X	X	X	X
3. НҚА-ны әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектор өкілдерін кеңінен тарту, осы саладағы озық білімді пайдалана отырып, салалық ғылыми сараптаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманы жүргізу негізінде норма шығармашылық қызметінің сапасын арттыру бойынша тетіктерді енгізу; заң жобаларын дайындау сапасының өлшемдерін әзірлеу.						X	X	X	X
4. Қылмыстық заңнамаға, соның ішінде, алғаш жеңіл және ауырлығы орташа қылмыс жасаған тұлғаларға және әлеуметтік осал азаматтарға қатысты, сондай-ақ, оларды әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілікке ауыстыру арқылы ауырлығы орташа қылмыстарға жататын құқық бұзушылықтарды қылмыстан арылту арқылы кешенді ізгілендіруді жүргізу.						X	X		
1.1.2-міндет. Сапалы норма шығармашылық процесін қамтамасыз ету									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 (есепті жыл)	2010 (ағымдағы жылдың жоспары)	Жоспарлы кезеңде				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Мемлекеттік органдар әзірлеген Қазақстан Республикасы Президентінің									

Жарлықтары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын келісуге және бұрыштама қоюға ұсынылғандардың жалпы санынан Әділет министрлігі қайтарғандарының үлесі (2012 жылдан бастап базалық көрсеткіштерін анықтау)	Әділет министрлігінің есептік деректері	базалық көрсеткіштен % қадам	-	-	-	-	64	62	60
2. Әділет министрлігінің НҚА-ны мемлекеттік тіркеуден бас тарту үлесі (мемлекеттік тіркеуге ұсынылған НҚА-ның жалпы санынан).	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	22	21	20	19	18	17	16
3. Аумақтық әділет органдарының НҚА-ны мемлекеттік тіркеуден бас тарту үлесі (мемлекеттік тіркеуге ұсынылған НҚА-ның жалпы санынан).	Әділет министрлігінің есептік деректері	%	14	13	12	11	10	9	8
4. Келісуге және бұрыштама қоюға ұсынылғандардың жалпы санынан мемлекеттік органдар әзірлеген халықаралық шарттарды жасасу мәселелері бойынша НҚА жобаларының бас тартылғандарының үлесі.	Әділет министрлігінің есептік деректері			-			3	2	1
Тікелей нәтижелер іс-шаралар	көрсеткіштеріне	кол жеткізуге арналған	Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі						
			2011	2012	2013	2014	2015		
1			2	3	4	5	6		
1. НҚА мониторингі.			X	X	X	X	X	X	
2. Мемлекеттік тіркеуге жататын НҚА-ны жасау сұрақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және әдістемелік көмек көрсету, мемлекеттік органдардың заң қызметтері қызметкерлерімен норма			X	X	X				X





үшін қолжетімділікті электрондық түрде Интернет желісі арқылы қамтамасыз ету.	Әділет министрлігінің есептік деректері	%							100
2. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің электрондық түрде енгізілуіне байланысты ҚР нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі бойынша халық пен қоғамдық ұйымдар тарапынан мемлекеттік органдарға арызбен жүгіну санының төмендеуі.	Әділет министрлігінің есептік деректері	%							70
3. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің электрондық түрде енгізілуімен жеке тұлғалар және заңды тұлғалар өкілдерінің өтініштері бойынша нормативтік құқықтық актілерді беру мерзімдерінің қысқаруы.	Әділет министрлігінің есептік деректері	%							20
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі								
	2011	2012	2013	2014	2015				
1	2	3	4	5	6				
1. Ақпараттық жүйені жасау – 1 кезең: жабдықтарға және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарын айрықшалау, техникалық тапсырманы жасау		X							
2. Есептеулі техниканы және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді алу – 1 кезең		X							
3. Ақпараттық жүйені жасау – 2 кезең: өнеркәсіптік шешімді инсталляциялау, талап етілетін функционалға өнеркәсіптік шешімді жөндеу			X						
4. Есептеулі техниканы және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді алу – 2 кезең			X						
5. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің электронды түрінде мұрағатын қалыптастыру				X					
6. ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінің электронды түрінде жобасын тәжірибелік пайдалануды енгізу				X					
7. Ақпараттық жүйені аттестаттау және аудиті				X					
8. Ұғымға заңнамалық бекіту:									



1) электронды түрде нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі;		X			
2) электронды түрде эталонды нормативтік құқықтық акт.					
9. ҚР НҚА эталондық бақылау банкін электрондық түрде өнеркәсіптік пайдалануға беру (2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап)					X

### 3-стратегиялық бағыт. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру

#### 3.1-мақсат. Сот актілерін орындау институтының сапасын арттыру

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды – 013, 016, 017

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсету)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 (есепті жыл)	2010 (ағымдағы жылдың жоспары)	Жоспарлы кезеңде				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Аяқталған атқарушылық өндірістердің жалпы санында толық көлемде орындалған атқарушылық құжаттардың үлесі.	Әділет министрлігінің статистикалық деректері	%	75,5	75,5	75,7	76,9	78,0	79,1	80
Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, тәсілдері және әдістері:									
3.1.1-міндет. Атқарушылық іс-жүргізу органдарының тиімді жүйесін құру									
